

егемен Қазақстан

Аңызға айналған ардағымыз



Қазақ хандығы жеке мемлекет болып өмір сүре бастағаннан-ақ сыртқы жаулардың шапқыншылығына ұшырап, елдің тәуелсіздігі мен жердің тұтастығы үшін бірнеше ғасыр бойы соғыс жүргізумен болғаны белгілі. Осынау ұзаққа созылған алапат заманда ел билеген хандар мен сұлтандар, ел қорғаған батырлар мен билер халықты ұйымдастырып, жауға тойтарыс беру ісінде орасан еңбек еткені де тарихтан мәлім. Олар туралы сан-алуан аңыздар, жырлар, толғаулармен дастандар, өлендер мен әндер, күйлер туып, біразы біздің дәуірімізге жетіп отыр. Солардың ішінде халық жадында молынан сақталғаны – атақты Абылай хан туралы аңыздар мен жекелеген ақын-жыраулардың жырлары мен дастандары. Рас, ақын-жыраулардың туындыларында Абылайды, оның ісәрекеттерін бейнелегенде әр автордың белгілі дәрежеде өзіндік көзқарасы, бағасы көрініс тапқан. Ал авторы жоқ

аңыздар мен жырларда Абылайдың өзі мен оның жауынгерлік қызметі жалпыхалықтық тұрғыдан бағаланған, сол себепті мұндай шығармаларда Абылайдың бүкіл өмірі баяндалмай, оның ерлігі мен тапқырлығы, ақылдылығы айқын көрінетін жағдаяттар ғана әңгімеленеді. Ал халық ол оқиғаларды шын болған деп қабылдаған.

Абылай туралы халықтық (фольклорлық) аңыздар мен жырлар, негізінен, елдің түсінігі бойынша ең маңызды деп саналған төрт оқиғаны тақырып етіп алады. Біріншісі – жас Абылайдың жетімдік көруі; екіншісі – Сабалақ атанған баланың алғашқы ерлігі, өзін танытуы; үшіншісі – Абылайдың жекпе-жекте өлтірген жау батыры; төртіншісі – Абылайдың қалмаққа тұтқынға түсуі, одан шығуы.

Әртүрлі аңызда баяндалғанмен аталмыш төрт оқиға Абылай ханның ерекше қасиеттерін ашуға арналған. Демек, фольклор осы тәсілмен идеалды билеушінің бейнесін жасаған. Әлбетте, аңыздарда баяндалатын оқиғалар тарихи шындықпен дәлме-дәл келіп жатпайды, соған қарамастан әр аңыз Абылай ғұмырындағы қиын сәттерді қамтыған және өзінше, фольклор заңдылығына сәйкес суреттеген.

Сонымен, Абылайдың жетімдік көру тақырыбына келейік. Оның қалайша жетім болып қалғаны туралы аңыздар әуелі ханның ата-бабалары кімдер екенін, қай жерде билік құрғанын хабарлаудан басталады. Болашақ билеушінің ата-бабалары қазақ даласының оңтүстігінде (Түркістан, Үргеніш, Бұқара) билік құрғанын, жас күнінде әкеден жетім қалып, кісі қолында (Дәулеткелді, Төле би) жалшылық қызмет атқарғанын хабарлайды. «Аңыз бойынша, – деп жазады Шоқан, – Түркістаннан қырға ең жақын туысы Әбілмәмбет ханға жол тартқан Абылай Ораз құлмен бір атқа мінгесіп келеді. Қалыптасқан жағдай оны біраз уақыт Қарауыл руының Жақсылық атасындағы Дәулетбай деген бай кісінің жылқысын бағып, күн көруіне мәжбүр етеді...» (Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в 5-ти томах. Т. I. А., 1984, с.217).

Шоқан өзінің «Абылай» атты ғұмырнамалық сипаттағы мақаласында осы аңыздың екінші бір нұсқасын келтіреді. Онда Абылайдың атасы Түркістанды билеген даңқты кісі болғанын, ал әкесі Уәли ата даңқын асыра алмай, көрші билеушілердің қолынан қаза тапқанын, жетім Абылайдың қазақ даласына қашып келгенін, мұнда өз ағайындарының қудалауына ұшырап, Жақсылық руының бай адамына жалшы болғанын баян етеді. Мұндай аңыздық баяндаулар желісі Мәшһүр Жүсіп, Құрбанғали Халид, Шәкәрім жазбаларында да кездеседі.

Біздің ойымызша, болашақ батырлардың жастайынан жетім қалып, халық арасында қиындық көріп өсуі, лақап есіммен жүруі – фольклор эстетикасынан туындаған көркемдік дәстүр (ғылымда «эстетика низкого» деп аталады). Оның арғы түбінде халықтың елді, жерді қорғаған қаһарманды дәріптеу жатқаны сөзсіз. Жұртшылық өзінің сүйікті батырын барлық қиындықтарды жеңе білетін, қарапайым халықтың мұң-мұқтажын көріп өскен, өзі де соны басынан кешкен, қалың халықтың арасынан шығып, құдай берген қадір-қасиетінің, ата-анасынан дарыған тектіліктің арқасында биік тұғырға көтерілген ұлы қайраткер етіп көрсетуге тырысады, оны барынша көтермелеп, асқақтата бейнелейді. Бұл – халықтың арман-тілегіндегі қаһарманды төменнен жоғары қарай көтеру жолы. Мұндай үрдіс – көне батырлық эпостан келе жатқан көркемдік дәстүр. Түркімоңғол халықтарының әйгілі эпостық жырларындағы атақты Манас, Көрұғлы, Жаңғар (Джангар), Едіге сынды эпикалық қаһармандар жетім қалып, малшы болады. Сондай-ақ «Аңшыбай батыр», «Көкшенің ұлы ЕрҚосай», «Қарасай-Қазы», «Қарадөң батыр» эпостарында да болашақ батырлар жетімдікті көріп жетіледі.

Абылайдың жетімдік күйін кешіп, Дәулеткелді байдың, кей нұсқада Төле бидің ауылына келуі, қарапайым малшы болып лақап есіммен (Сабалақ) жүріп, қалмақтардан кек алуға аттанып бара жатқан батырларға қосылуы, өзінің тегі бөлекжан екендігін танытуы, біржағынан, осы фольклор эстетикасының көрінісі болса, екінші жағынан, сол дәуірдің шындығынан туындаған сарын деуге де негіз бар. Тарихи жазба деректерде Абылайдың аталары оңтүстік өлкені, атап айтқанда, Ташкентті билегені туралы айтылады. Мәселен, Абылайдың хатшысы болған М.Мамедов 1768 жылы орыс үкіметі өкілдеріне

былай деп хабарлайды; «Абылай сұлтанның атасы мен әкесі Ташкент қаласының хандары болған. Қаланы жоңғар қалмақтары жаулап алғанда, он жасар Абылай Түркістан қаласындағы Әбілмәмбетке барады» (История казахской литературы. В 3-х томах. Т. II. А., 1979, с. 41).

Хан хатшысы баяндап отырған хабарлама бізге Абылайдың қай жылы дүниеге келгенін дәл анықтап береді. Тарихи шындықта жоңғарлар Ташкентті 1723 жылы жаулап алады. Ол жылы Абылай 10 жаста болса, оның туған жылы 1713 жылға тура келеді. Бұл мерзім ханның дүниеден өткен кезіндегі жасына да сәйкес келеді. Абылай 1781 жылы дүниеден қайтқанда, оның баласы Уәли сұлтанның хабарлауы бойынша, жасы 68-ден 69-ға қараған еді. 1781 жылдан 68 жасты шегерсек те, сол 1713 жылға тірелеміз. Демек, Абылай 1713 жылы дүниеге келген. Биыл оның туғанына тура 300 жыл.

Екінші тақырып – Абылайдың Сабалақ кейпінде жүруі мен алғашқы ерлігі. Кісі қолында жалшы болып, елеусіз күн кешіп жүрген жетім бала Сабалақ ел назарына бірден батырлығымен ілінеді. Батырлық – оның өзін танытудағы аса маңызды бекет. Қаһарманның мұндай сын бекеттен өтуі – бүкіл фольклорға тән көрініс. Ерлік істен кейін, Абылай қайта «түлеп», өзіне лайықты батырлық есімге ие болады, қолдаушы, жанашыр туыс табады. Алғашқы ерлікке дейін жас жетім қаншалықты елеусіз болса, одан кейін, керісінше, соншалықты шексіз құрметке бөленеді. Абылайдың халық құрметіне ие болуына жол ашқан басты қадір-қасиеті, әрине, оның жеке басының жауынгерлігі және «маңайына жинай алған тілеулестері» (А.Левшин) – ержүрек батырлары еді. Абылайдың заманында ежелден келе жатқан әскери-соғыс жүйесі өзгерген болатын. Бұрын азиялық көшпелі жүйе бойынша сарбаздар жорық кезінде отбасы, бала-шағасымен бірге көшіп жүретін. Ендігі жерде оның орнына батырлық жүйе орныққан еді (Кушкумбаев А.К. Военное дело казахов в XVII-XVIII веках. А., 2001, с.112-137). Сарбаздар батырлардың басшылығымен өздері ғана жорыққа шығып, жаумен айқасатын болған. Сөйтіп, Абылай әскері, негізінен, батырларға арқа сүйеген. Батырлар қалың қолды бастаған, өздері ерлік көрсетіп, жауынгерлерге үлгі, тірек болған. Абылай да батырларға зор үміт артқан, оларға сенген, әрқайсысының қасиетін білген, қадірлеген. Халық батырлары (бірде Қанжығалы Бөгенбей, бірде Шақшақ Жәнібек, енді бірде Қаракерей Қабанбай батыр) ел-жұртқа белгісіз жетім, елеусіз жас Абылайды жорыққа алып шығып, оның ерлігін сынайды, жаужүрек батырлығына тәнті болып, жас жауынгерді өз орталарынан хан етіп көтереді. «Жауды жеңіп, көңілдері тынған соң Арғын Найманның батырлары: «Кеше бізден айтылмаған аруақ, шақырылмаған ұран қалған жоқ – бәрі дәнемеге жарамды. Бұл өзі жалғыз болса да, тегі, заты кім екені белгісіз болса да, бәрімізден бақ-талайы жоғары, аруағы күшті екен. Бұрынғының сөзі бар еді: «Қой асығы деме, қолайыңа жақса, сақа қой деген, кел осыны хан көтерелік» деп, әу десіп... ақ кигізге салып, хан көтерген екен», дейді болашақ ханның жастық шағы туралы халық аңыздарының бірі (Мәшһүр Жүсіп. Абылай хан дәуірі // Абылай хан. А., 1993,304-б). Осылайша, Абылай қазақ елінің заңды билеушісі болады.

Батырлық даңқ арқылы хан тағына көтерілген Абылайдың ендігі жорықтарына сол батырлардың өздері серік болып, бірге аттанады, олар Хан Кеңесінің мүшесі ретінде жорық жайындағы ойларымен бөліседі. Хан халық арасынан шыққан батырларды жауда кеткен елдің кегін қайтару үшін жинайды, сол жолда олардың ерлік істерін сынап, көңілінен шыққан тұлғаларға бата беріп, сый-құрмет көрсетіп отырады. Батырлар оның ақыл-кеңесін тыңдайды, бұйрығын бұлжытпай орындайды, ханның айрықша ықыласына бөленгендер басшы тарапынан түрлі атақ, лауазымдар алады. Ханның осы батырлық, ерлік істері мен жорықтас болған серіктерінің ержүректігі халық аңыздарының негізгі мазмұнына арқау болған. «Қазақтардың аңыз әңгімелерінде, – деп жазады Ш. Уәлиханов, – Абылай поэтикалық әсірелеуге түскен бейнеде суреттеледі. Абылай кезеңі – қазақтың ерлік рухы асқақтаған дәуірі. Оның жорықтарымен батырларының көзсіз ерліктері эпикалық әңгімелердің сюжетіне айналған. Сыбызғымен домбырада ойналатын күйлердің

басым көпшілігі оның дәуірі мен өмірінің әр кезеңдеріне арналған» (Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в 5-ти томах. Т. IV. А., 1985, с.116).

Ш. Уәлиханов Абылаймен жорықтарда бірге жүрген батырлардың ерлік істері жайындағы аңыздар туралы еңбегінде ханмен бірге шайқаста ерлік көрсеткен батырлардың қатарында Қанжығалы Бөгенбай мен Жанатай, Үйсінбай мен Есет, Қаракерей Қабанбай, Бәсентиін Сырымбет пен Малайсары, Шақшақ Жәнібек, Сіргелі Елшібек пен Жаулыбай, Уақ Баян, Бағаналы Оразымбет пен Баянбай, Айдабол Олжабай, Балтакерей Тұрсынбай сынды атақты кісілер бар. Әрине, қазақ елін, туған жерін қорғап, Абылайдың қол астында болған баһадүрлер мен қайраткерлер саны бұлармен шектелмейді. Тарихи жазба деректерде Аралбай, Досай, Қожаберген, Шоң, Ақтамберді, Ақтайлақ сияқты кісілердің Абылай тұсында бірі батыр, бірі би, бірі елші болғаны айтылады (Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII-первая треть XIX в. В 2-х частях. Часть II, Алма-Ата, 1989, с.191). Бірақ фольклорда олар түгел бейнеленбейді. Бұл түсінікті, себебі фольклорлық шығарма елді басқарған хан мен айырықша ерлік көрсеткен батырлардың өзінің объектісі еткен, оларды халық идеалына айналдырып, дәріптеген.

Халық аңыздарының көпшілігінде әңгімеленетін тақырып – Абылайға батырлық даңқ әкелген ерлік іс – қалмақтың ерен батырымен жекпе-жегі. Аңыз-жырларда жиі кездесетін бұл көріністе кімнің батыры жеңсе, сол әскердің рухы көтеріліп, шайқас жеңіспен аяқталады деген халықтың байырғы түсінігі сақталған. Абылайдың алғашқы жекпе-жегінде өлтірген жау адамы – Қалдан-Сереннің өзі. Қазақ батырларын шетінен жапырып жеңіп жатқан Серен Қоңтажыға жас бала Абылай қарсы шығып, қалмақтың атақты ханын масқара етіп жеңіп, басын кесіп алады. Бұл – фольклордағы көрініс. Аңыз бен оны айтушы үшін маңызды нәрсе – қазақ ханының жеңуі, ал өлген қалмақ кім еді, аты-жөні кім, ол шындыққа тура келе ме, жоқ па – бұл мәселелер аңыз үшін де, жыршы үшін де аса маңызды нәрсе емес. Басты идея – қазақ елін, жерін жаудан қорғау және мемлекеттің тәуелсіздігін сақтап қалу.

Сондықтан кейбір аңыздарда Абылайдың жекпе-жекке шығып жүрген қарсыластары – Қалдан-Сереннің баласы Шарыш, немесе Қонтайшының інісі Сәру. Бұлардың қай-қайсысы болса да талай шайқасқа қатысып, жекпе-жектерде жеңіске жеткен, бетіне жан қаратпайтын баһадүрлер. Оларды жекпе-жекте жеңу кімнің болса да абыройын өсіріп, даңққа бөлейтіні сөзсіз. Осылайша, қазақ сұлтаны жас Абылай ерлік ісі арқылы бүкіл елге танылады және елге абырой әпереді. Халыққа да, айтушыға да кереметі – осы.

Жекпе-жекте жауды жеңген батыр енді өз намысын, абыройын жау ордасында да қорғап, қайсарлығын танытып, елдің мерейін асыруы қажет. Мұндай сәт фольклорда қаһарманның тұтқында болуы кезінде жүзеге асады. Бұл – Абылай туралы аңыздардың ішіндегі ең маңызды тақырып. Қазақ билеушісінің тұтқында болуы – тарихи шындық. Тарихи мәліметтер бойынша, XVIII ғасырдың бірінші жартысында жоңғарлықтар қазақ еліне оншақты рет шабуыл жасап, екі ел арасында қиянкескі ұрыстар болғаны мәлім. Сондай шайқастардың бірінде, дәлірек айтқанда, 1741 жылы Абылай екі мыңдай жасағымен жоңғарлардың, яғни Қалдан-Сереннің қолына тұтқынға түскен.

Осы оқиға аңызда айтылады, бірақ фольклорлық дәстүрге сәйкес өзгертілген. Мысалы, Ш. Уәлиханов жазып алған аңыз бойынша, жоңғарлардың кезекті бір шабуылында Абылай жекпе жекке шығып, Қалдан-Сереннің Чарча деген баласын өлтіреді. Қалдан баласын өлтірген адам кім болса да, қайдан болса да тауып әкелуді бұйырады. Қалмақтар аңдып жүріп, Абылайды серіктерімен аң аулап жүргенде қолға түсіреді де Қалданға алып келеді (Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в 5-ти томах. Т. I. А., 1984, с.217). Кей нұсқада, мысалы Мәшһүр Жүсіп хатқа түсірген аңызда Абылай Қалдан-Сереннің Сәру деген інісін ғана өлтіріп қоймайды, жоңғар тарапынан қудаланған қалмақтың Сына батырын өзіне паналатады. Қалдан-Серен кісі жіберіп, бейбіт жолмен Сына батырды қайтаруды сұрайды. Қазақ ханы оны бермейді. Қалмақтар Көкшетауда

бүркіт салып жүрген Абылайды ұйықтап жатқан жерінде ұстап алып, Қалдан-Серенге әкеледі (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 8 том. Павлодар, 2006, 177-178б.).

Батырдың жау қолына қапыда не ұйқы үстінде, болмаса аң аулап жүргенде тұтқынға түсуі фольклорлық шығармада, әсіресе, эпостық шығармаларда жиі кездесетін сюжеттер. Бұл сюжеттердің түп бастауында «қаһарманның алып ұйқысы» тұрақты мотиві жатқан тәрізді. Эпоста қаһарман алып ұйқыға, яғни бірнеше күнге созылатын қалың ұйқыға кетіп, түрлі қиындыққа тап болады. Айталық, мыстан кемпірдің алдауына түсіп, мас болған Алпамыс. «Азырақ демалайын» деп жантайған Қобыланды батырлар бірнеше күн ұйықтайтын алып ұйқыға кетіп, жау қолына қапыда тұтқынға түседі. Ал екінші бір аңызда Абылайдың тұтқынға түсуі басқаша баяндалады. Қалдан Абылайға: «Еркімен маған бағынсын, әйтпесе соғыс ашамын!», – деп елші жібереді. Абылай ашуланып, елшіні өлімге бұйырады да: «Жау қолын қарсы алуға дайынмын!», – деп Қалданға хабар жібереді. Осы ұрыста ол қолға түседі. Оның жеңілген себебін аңыз елшіні өлтіргендіктен болды деп түсіндіреді (Ибрагимов Мұхамедғали. Қазақтың мәселесі// Дала уалаятының газеті. 1891, №13).

Аңызда Абылайдың кімді өлтіргені айтылады, ал тарихи құжаттарда оның өлтірген адамы кім екені айтылмайды. Мәселен, Орынбор комиссиясының құжаттарында Абылай ханның тұтқында отырғаны туралы мынадай дерек бар. 1742 жылдың тамыз айында Орынбор комиссиясының бастығы И. Неплюев Ор қаласында қазақтың Әбілқайыр ханымен, басқа да ел ағаларымен келіссөз жүргізеді. Бұған жоңғар мен қарақалпақтардан да елшілер қатысады. Келіссөзге, дәлірек айтқанда, 27 тамыз күні Ор қаласына жоңғар ханы Қалдан-Сереннің тұтқынында отырған ағасы Абылай сұлтанды босатып алу мәселесімен Сұлтанбек сұлтан келеді. 28 тамызда олар (келіссөз жүргізушілер – Авт.) соңғы соғыста қолға түскен Абылай туралы сөз бастайды. Жоңғар елшілерінің айтуынша, Абылай Қалдан-Сереннің ең жақын және атақты адамын өлтірген. Сол үшін тұтқында. Бірақ тұтқында да құрмет көріп отыр. Сондай-ақ қазақтардың қолдарында жоңғардың бірқатар текті қыздары қалған. Қазақтар оларды қайтарса, бәлкім, Абылай да бостандыққа шығар» деген деректер құжатта хатталған (Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар (Құрастырған, қазақшаға аударған, көрсеткіштерін түзген, түсініктерін жазған З.С. Тайшыбай). Петропавл, 2005, 119- б.). Сонымен қатар аталмыш құжатта қазақ сұлтанын босату мәселесі Қалдан Серенге елшілікке кетіп баражатқан майор Миллерге тапсырылғаны айтылған. Бірақ Миллер бұл тапсырманы орындай алмаған. Жоңғар жеріне барғанда оны Қалдан Серенге жібермеген, елде шешек (оспа) ауруы бар деп кері қайтарған (Сонда, 119-б.).

Енді осы құжатта айтылған үш фактіге көңіл аударайық. Біріншісі – Абылайды тұтқыннан босату мәселесін қазақтардың өздерінің көтеруі. Екіншісі – Абылай тұтқынға соңғы соғыста түскен. Ендеше, бұл қай соғыс? Үшіншісі – «Абылай Қалдан-Сереннің ең жақын және атақты адамын өлтірген» екен. Ол кім?

Бірінші факті еш күдік туғызбайды деп ойлаймыз, себебі Сұлтанбек сұлтан әдейі осы мәселемен Ор қаласына келген және Әбілқайыр хан мен И.Неплюевтің алдына өзінің ағасын босату мәселесін қойған.

Екінші факті бойынша тарихтан мынадай жағдай белгілі. 1741 жылдың сәуір айында Қалдан-Серен қазақ елін шапқан, ол Есіл өзеніне дейін келген. Орта жүз қазақтарына қарсы Қалдан-Сереннің баласы Лама-Доржы бастаған 30 мың әскер шыққан. Олар Орынборға дейін барып, кері қайтқан. 1742 жылдың көктемінде Қалдан Серен әскері қазақ жерін қайта шауып, Орта Азияға барған. Жоңғарлықтар бұл жолы Абылай сұлтанды қолға түсіреді. Зерттеуші Б.П.Гуревич былай деп жазады: «Среди захваченных пленных оказался султан Абылай, который, как рассказывал... Глевбак Чилбашев, «ходил для караула» навстречу войска Галдан-Цэрена» (Гуревич Б.П. Международные отношения в Центральной Азии в XVII-первой половине XIX в. Второе, дополненное издание. М., 1983, с.62)

Сонымен, Абылайдың тұтқынға түсуі туралы тарихшылар екі жылды, 1741 мен 1742 жылды атайды. Ал, құжаттардағы Абылайды босатып алу жөнінде 1742 жылдың тамыз айында мәселе көтерілгеніне және қазақ пен жоңғардың соғыстары 1739-1741 жылдары ең ауыр, әрі ұзақ шайқастары болғанына қарағанда, Абылай жоңғарлықтарға 1741 жылғы соғыста қолға түскен болуы керек. Тұтқында ол 2 жыл болған секілді. Олай дейтініміз: 1743 жылғы қыркүйекте Орта жүзге барып қайтқан Т.Барташевтің Орынбор комиссиясына жазған хабарында былай делінген:

«Жоңғар билеушісі Қалдан-Серен Абылай ханды тұтқыннан босатпай тұрып, қазақтарға өз атынан елші жіберген. Өзінде аманатта қалып отырған Әбілмәмбеттің ұлының орнына Барақ сұлтанның ұлын жіберуді талап еткен. Бұл жөнінде қазақтар Қазыбек бимен және басқа да ел ағаларымен ақылдасқан. Бұдан бір ай өткен соң Абылай қасындағы басқа адамдарымен бірге жоңғар тұтқынынан босап келген» (Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар (Құрастырған, қазақшаға аударған, көрсеткіштерін түзген, түсініктерін жазған З.С. Тайшыбай). 119-б.).

Аталмыш мәліметке қарағанда, Абылай тұтқыннан 1743 жылы жазда босаған сияқты. Бұл ойымызды Орынбор комиссиясының бастығы И.Неплюевтің 1743 жылғы қыркүйекте Сыртқы істер коллегиясына жолдаған хатыда растайды. Ол былай деп жазады: «Орта жүз ханы Әбілмәмбет біздің жіберген кісілеріміз арқылы хат жолдап, патша ағзамға адалдығын білдіріпті. Маған өзі келіп жолықпаған себебі ретінде: інісі Абылай сұлтанның жоңғар тұтқынынан босап келгеніне, далада өрт болып, көп жер жанып кетіп, халықтың көшіп жатқанына байланысты екенін айтыпты» (Аталған кітап, 137-б.).

Абылайдың жекпе-жекте өлтірген Қалдан-Сереннің ең жақын және атақты адамы кім деген сауалға келер болсақ, Шоқан жазбасында және жоғарыда атап өткеніміздей, кейбір аңыз жырларда ол адам – Қалданның баласы Шарыш (Чарча) делінеді. Шынымен солай ма? Тарихтан белгілі, Қалдан-Сереннің үш ұлы, бірнеше қызы болған. Қалдан өлгенде (1745 ж.) оның үлкен ұлы Лама-Доржы 19 жаста, ортаншы ұлы Цеван-Доржы 13 жаста, кенже баласы Цеван-Дашы 7 жаста болған (Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. 2-ое издание. М., 1983, с.261). Осы үш ұлдың қайсысы Абылаймен жекпе-жекке шығуы мүмкін? Әрине, Лама-Доржы. Бірақ ол 1741 жылы 14 жаста болған. Бұл – бір. Екіншіден, Лама-Доржы өлмеген, ол әкесі өлгеннен кейін де жорықтарға қатысып, таққа таласумен болған. Онымен жоңғар тағына таласқан Дабачи мен Амурсана 1753 жылы 12 қаңтарда Лама Доржыны Іле бойында қолға түсіріп, өлтіреді (Гуревич Б.П. Международные отношения в Центральной Азии в XVIIпервой половине XIX в. С.102-103). Демек, Абылаймен жекпе-жекте өлген адам Қалдан-Сереннің баласы емес. Олай болса, Шарыш – кім? Біздіңше, аңыздар мен жырларда Абылайды асқақтата көрсету үшін фольклорлық әдіс қолданылып, Шарыш Қалдан-Сереннің сүйікті баласы етіп көрсетілген. Бұл Абылайдың үстемдігін көрсету үшін және аңыз бен жырдың эмоциялық әсерін күшейту мақсатынан туындаған. Мұндай амалдар – фольклор үшін әдеткі тәсіл.

Жоңғар елшілігінің ең жақын және атақты адам дегені – баласы деген сөз емес қой. Ендеше, аңыз-жырлардағы Шарыш Қалданның бел баласы болмай шығады. Мұны жыр Шарыштың өз ауызына да салады:

Хан жиені, әкем Қоңтажы, атым Шарыш,

Хан орнына келгенім елге таныс.

Шөкемен батырымды өлтіріпсің,

Қазіргі майдан төбе жерге баршы

(Бабалар сөзі: Жүз томдық. 57-том. Астана, 2010., 181-б.)

Демек, Абылайдың жекпе-жекте өлтірген батыры – Қалдан-Сереннің інісі, я болмаса жиені, дәлірек айтқанда, жиеннің баласы, яғни жиеншар. Оның есімі Сәру ме, Шарыш па, Шаршы ма? – бұл фольклор үшін аса маңызды емес. Мәселе Қалдан Сереннің ең жақыны, туысы болуында, ал оның – бел баласы болуы эпикалық поэтика үшін аса мәнді, өйткені осы арқылы, біріншіден, халық дұшпан ханды шапқыншылығы үшін ауыр

күйге түсіріп отыр, екіншіден, өз сұлтанын асқақтатып көрсетеді, үшіншіден, жыр көркем шығарма болғандықтан оның эмоциялық-экспрессивтік қасиетін күшейтеді.

Енді Абылайдың Қалдан-Сереннің қолына қандай жағдайда түскені туралы мәселеге көңіл аударайық. Шоқанның айтуы бойынша, Чарча деген баласын өлтіргені үшін Қалдан-Серен қазақтардан Абылайды ұстап беруді талап етіп, тұтқынға алады. Ал, жырларда Абылай аңда жүріп, ұйықтап жатқанда қалмақтар қолға түсіреді. Шындығында Абылай қалмақтармен болған кезекті бір соғыста қолға түседі. Мұны жоғарыда айтылған тарихи еңбектер дәлелдейді. Бұдан шығатын қорытынды: аңыз-жырларда халық өзінің батырын, бұл жерде Абылайдай сұлтанын төмен дәрежеде көрсеткісі келмейді, сондықтан фольклор эстетикасына сәйкес ол көтермеленіп көрсетіледі, яғни Абылайдай сүйікті батыр жау қолына қапыда түседі, әйтпесе ол шайқасқа түсіп, дұшпанға дес бермес еді.

Фольклорда Абылайдың тұтқындағы хал-жағдайы да көрсетіледі. Шоқан жазып алған аңызда тұтқында жатқан Абылайды Қалдан-Сереннің әйелі күнде келіп, қарғап-сілеп, лағнеттеп отырады. Шыдамы таусылған Абылай бір күні дірілдеп, тісін шықырлатып, жұдырығын түйіп келе жатқан әйелге: «Ей, қақбас қалмақ, сенің балаң секілді қаңғыбас құл қайда өлмеген!?!», деп жауынгер халықтың өжет рухын бейнелейтін сөздермен жауап қатады. Сөзден оңбай таяқ жеген әйел ойбайлап Қалданға барады да, Абылайды өлтіруді талап етеді. Әйелінің ашуын көрген Қалдан: «Осы Абылайды өлтіріп қояр! – деп қауіптенеді де қазақ сұлтанын Жапақ батырмен бірге босатып, еліне қайтарады» (Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в 5-ти томах. Т. IV. А., 1985, с.112).

Жоңғар шапқыншылығы тұсында жастайынан жауға аттанып, батырлығымен ел ықыласына бөленген Абылай сол ежелгі дұшпанның ордасының күйреуі тұсында да (1745- 1757 жж.), кейіннен 1771 жылы Еділ қалмақтарының (торғауыттардың) шығысқа қарай үдере қашқан үлкен көші оқиғасында да қазақ жасақтарын жорыққа бастаған жаужүрек қолбасшы ретінде көрінеді. Торғауыт қалмақтарына жасаған жорықтардан кейін Абылай үш жүздің ханы аталады. Оның осы бір айтулы оқиғалар тұсындағы істері тарихи жазба деректерде кең сақталған және халық аңыздарының мазмұнына да арқау болған. Бұл – өз алдына бөлек әңгіме.

Түйіндей келгенде, халық танымында Абылайдың бейнесі елді жаудан қорғаған батыр, халқын даналық істермен басқарған билеуші кейпінде бедерленсе, ол билеген Қазақ хандығы жан-жағындағы көршілерімен терезесі тең, мемлекеттілігі толық сақталған азат ел ретінде суреттеледі. Атақты ханның бейнесі елдің рухында азаттықтың рәмізіндей болып сақталып, бүгінгі күнге дейін жетті.

Сейіт ҚАСҚАБАСОВ
академик.

Алмас ӘБСАДЫҚОВ,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қазақ әдебиеті
кафедрасының профессоры.